

Мұқағали оқулары

1 – жүргізуші: Кеш жарық құрметті қонақтар мен оқушылар! Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық шынымен бақытты халық.

Ақынмын деп мен қалай айта аламын.
Халқымының өз айтқанын қайталадым
Күпі күйген қазақтың қара өлеңін
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

2 – жүргізуші: Құрметті Мұқағали оқуларына жиналған қауым, бүгін біз қазақ поэзиясының өткір де тұщымды тіл құралының құндылығы мен өзектілігіне мән бере отырып, қалам шеберінің туындыларының «Менің жүрегімдегі орны мен тұлғалық болмысының қалыптасуындағы ықпалы қандай?» деген сұрақтарға бүгінгі кеш жауап табуға мүмкіндік жасайды

.1 – жүргізуші: Ақынның жырын жырлап отырған ұрпағы – мына біздерміз. Мәңгілікке тот баспайтын асыл жырларын келер ұрпаққа жеткізетін де - өзіміз. Ендеше бүгінгі жыр додасы Мұқағали сынды өр ақынның рухына арналады.

2 – жүргізуші: Құрметті Мұқағали оқуына қатысушы түлектер барлығыңызға сәт сапар тілеймін және алдарыңыздағы үстелде дөңгелекшелер, жатыр, сол дөңгелекшелерді таңдап суырып алыңыздар: Ол сіздердің рет сандарыңызды білдіреді.

1 – жүргізуші: Бүгінгі жыр додасына әділдік жүргізер сарапшы әділ – қазыларды таныстырып өтейін. Ендеше жарысымыздың бірінші бөлімін «Менің пірім - Мұқағали» айдарын бастайық. Бұл бөлімде Мұқағали жырын жатқа мәнерлеп оқып береді

2 – жүргізуші: Көрермендер мен қатысушыларды серпілту үшін кезекті әнге берейік.

«Жыр эстафетасы» бөлімі үміткерлер алдарындағы үстелден екі қағаздың біреуін суырып өзіңізге берілген поэманы жатқа айту керек.

Келесі бөлім «Мұқағали мұрасын кім көп біледі?» 1 минуттың ішінде Мұқағали өмірімен шығармашылығынан он сұрақ қойылады, жауап алынады.

1 – жүргізуші: Сөз әділ қазылар алқасына беріледі.

2 – жүргізуші: Тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын Мұқағали өлеңдері ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып, егемен еліміздің аспанында азат даласында қыран құстай самғап ұшып жүр.

... Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,
Еңбегінің қызығында көре алмай.
От боп жанып өтіп кеткен ақынға
Мәңгілік қып өмір берген өлеңді – ай

- деп Айтақын ақын жырлағандай өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді.

1 – жүргізуші: Мұқағали оқуларына қатысушыға жүлделі орынға жетуіне тілектеспіз.

Қош болыңыздар! Кездескенше күн нұрлы, болсын.